

10 сынып

Географиялық зерттеу әдістері

1. Географиялық мониторинг жүргізілетін деңгейлері: **ғаламдық, аймақтық, жергілікті**
2. «Мониторинг» терминінің ресми енгізілген уақыты: **1972 жылы БҰҰ қоршаған орта бойынша Стокгольм конференциясында**
3. Мониторинг жөніндегі алғашқы үкіметаралық кеңес өткен қала: **Найроби 1974 жылы**
4. Атмосфера, озон қабаты, көміртек диоксиді, гидросфера, өсімдік және жануарлар дүниесі бақыланатын географиялық мониторингтің ең жоғары деңгейі: **ғаламдық деңгей**
5. Қоршаған ортаның геоэкологиялық немесе табиғи-шаруашылық жағдайларына зерттеу жүргізілетін географиялық мониторингтің дейі: **аймақтық деңгей**
6. Табиғи ортаның санитарлық-эпидемиологиялық және биоэкологиялық жағдайлары бақыланатын географиялық мониторинг деңгейі: **жергілікті деңгей**
7. Географиялық мониторинг әдістері: **әуе-ғарыштық әдістер, жер беті әдістері**
8. Әуе-ғарыштық әдістерге жатады: **ғарыштық, әуе**
9. Жер беті әдістеріне жатады: **географиялық, физикалық-географиялық, биологиялық, деректерді өңдеу**
10. Ғарыштық түсірілімдердің әуе түсірілімдерінен басты айырмашылығы: **шолу сипатында үлкен аумақтардағы құбылыстардың таралуын қамту**
11. Жасанды серіктердің түсірілімдерімен танысуға болатын қазіргі заманғы картографиялық қызмет: **Google Maps**
12. Бақылау, болжау және қорғау мақсатында қоршаған ортаның (атмосфера, гидросфера, топырақ және өсімдік жамылғысы, техногендік жүйелер) жай күйіне байқау жасау: **мониторинг**
13. Табиғи ортаның сапасын ондағы тіршілік дүниесінің жай-күйіне қарап анықтау: **биоиндикация**
14. Ғарыштық түсірілімдерді болжау негізінде талдау әдісі: **дешифровка**
15. Салыстыру әдісін ең алғаш 19-ғасырда ғылымда қолданған: **А.Гумбольдт**
16. Салыстыру әдісі арқылы А.Гумбольдт негізін салған ғылым саласы: **Физикалық география**
17. Салыстыру әдісін Гумбольдтпен қатар қолданған оның замандасы: **К.Риттер**
18. Риттердің еңбектері: **«Табиғат пен адам тарихына қатысты жертану» немесе «Жалпы салыстырмалы география», «Салыстырмалы жертану туралы идеялар»**
19. Біртекті нысандардың белгілері мен көрсеткіштерін бір уақыт кезеңінде салыстыру: **Синхронды салыстыру**
20. Бір немесе бірнеше нысанның белгілері мен көрсеткіштерін әртүрлі уақыт кезеңдері бойынша салыстыру: **Диахронды салыстыру**
21. Басқа ғылым саласында жақсы зерттелген нәрсемен салыстыру негізінде балама табу арқылы зерттеу: **Баламалау әдісі**
22. 2018 жылы еліміздегі ең жоғары туу коэффициенті тіркелген облыс: **Маңғыстау (29,7 промилле)**

23. 2018 жылы еліміздегі ең төменгі туу коэффициенті тіркелген облыс: **Солтүстік Қазақстан (12,9 промилле)**
24. Деректерді талдау үшін қолданылатын математикалық және статистикалық әдістердің жиынтығы: **сандық әдістер**
25. Географиялық жүйелердің өзгерістерін талдауда қолданылатын сандық әдістер: **математикалық статистика әдістері**
26. Уақыт мерзімі бойынша ретке келтірілген сандық көрсеткіштер жиынтығы: **мерзімдік қатар**
27. Кіріс пен шығыс түріндегі теңгерімдік ағындар тән болатын жүйелердің дамуын талдау, болжау үшін қолданылатын есептеу тәсілдерінің тобы: **Теңгерім әдісі**
28. Математикалық модельдер бейнелеу тәсілі бойынша: **таңбалы** деп аталады
29. Нысандарды сандық деректері бойынша топтастыру үшін қолданылатын әдіс: **рангтерге жіктеу әдісі**
30. Қоршаған ортаның қазіргі жағдайына кешенді баға беру, оның табиғи фактор мен адам әрекеті нәтижесінде өзгеру жағдайлары туралы ғылыми негізделген болжам жасау: **географиялық сараптама**
31. Географиялық сараптамалар сипатына байланысты бөлінеді: **экологиялық-географиялық, экономикалық-географиялық**
32. Сараптаманы жүргізуші білікті және тәжірибелі маман: **сарапшы**
33. Өндірісті аумақтың табиғи ортасы мен табиғат ресурстарының жай-күйін сандық-сапалық бағалау және өзгерістерін сараптау: **экологиялық-географиялық сараптама**
34. Аудандық жоспарлау және экономикалық нысандарды жобалау негіздемесін жасау мақсатында аумақтық жобаларды сараптау: **экономикалық-географиялық сараптама**
35. Сараптама жүргізілуіне және өтілуіне қарай бөлінеді: **жеке және топтық**
36. Дельфи әдісі ең алғаш негізделді: **1964 жылы «РЭНД» корпорациясында**
37. Дельфи әдісінің ерекшеліктері: **көп деңгейлігі, жасырындылығы, сырттай жүргізуге болатындығы, салыстырмалы түрде дәлдігі**
38. Ұжымдық идеялардың генерациясы (жинақталуы) арқылы жүзеге асырылатын әдіс: **миға шабуыл әдісі**
39. Аудандастырудың ғылыми негіздері қалыптасты: **XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. Басы**
40. Аумақты географиялық жағдайларының біртектілігі бойынша кеңістік жіктеу: **географиялық аудандастыру**
41. Белгілі бір аумақтағы қоршаған орта мен қоғамдық элементтердің өзара байланысқан кеңістік үйлесімі: **аумақтық жүйе**
42. Жер бетінде белгілі бір құбылыстың, нысандардың немесе ұқсас жағдайлардың ағзалар қауымдастығының таралу аумағы: **ареал (лат. area-облыс, аудан, кеңістік)**
43. Аудандастыруда ареалдың екі негізгі тобы: **біртекті және торапты ареал**
44. Физикалық географияда табиғи жүйелерді аудандастырудың екі негізгі әдісі қолданылады: **жетекші фактор әдісі және беттестіру әдісі**
45. Ірі аймақтарды жіктеуде қолданылатын әдіс: **жетекші фактор әдісі**

46. Ірі және кішігірім аудандар бірліктерін жіктеуде қолданылатын әдіс: **беттестіру әдісі**

11 сынып

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

1. Географиялық сараптаманың жұмыс бағыттары: **өзара байланыстарды зерттеу, аудандастыру, талдамалық жұмыс, географиялық болжау**
2. Табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуі, көрсеткіштердің өзара байланысы, табиғи кешеннің аумақтық ерекшеліктері анықталатын бағыт: **өзара байланыстарды зерттеу**
3. Аумақтағы табиғи және қоғамдық жүйелердің иерархиялық құрылымын зерттеу негізінде жүргізілетін географиялық сараптаманың жұмыс бағыты: **аудандастыру**
4. Көрсеткіштер талданып, жобалар, бағдарламалар сызбалар мен тұжырымдамаларды бағалауда жаңа нысандарды орналастыру нұсқалары ұсынылатын географиялық сараптаманың жұмыс бағыты: **талдамалық жұмыс**
5. Географиялық сараптама сипатына қарай жіктеледі: **2-ге экологиялық-географиялық сараптама, экономикалық-географиялық сараптама**
6. Экологиялық географиялық сараптаманың нысандарына жатады: **аумақтық шаруашылық даму жоспарлары, ірі шаруашылық нысандарын орналастыру жобалары**
7. Бастапқы берілген мәліметтермен нәтиже алу үшін қай амалды қандай ретпен орындау қажеттілігін белгілейтін шешімдер ережесінің сипаттамасы: **алгоритм**
8. Халықтың тіршілік салаларын түгел қамтитын кешенді талдау, бағалау және болжам жасау: **кешенді географиялық сараптама**
9. Аудандық жоспарлау және экономикалық нысандарды жобалау негіздемесін жасау мақсатында аумақтық жобаларды сараптауды қамтиды: **экономикалық-географиялық сараптама**
10. Өлемдегі ең ірі су электрстансасы: **Санься (Үш шатқал, Қытай)**
11. Қазақстанда қала құрылысын жоспарлау, аумақтарды дамыту, әлеуметтік, өндірістік, рекреациялық, инфрақұрылымдық нысандардың жобаларын кешенді сараптамадан өткізеді: **«Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны**
12. Шешім қабылдау мақсатында сарапшылардың пікірлері негізінде проблемаға баға беру процедурасы: **эксперттік бағалау**
13. Эксперттік бағалау жүргізілу аумағына қарай жіктеледі: **халықаралық, мемлекеттік бағдарламалар, ірі жобалар**
14. Эксперттік бағалау бөлінеді: **жеке және топтық**
15. Жеке эксперттік бағалауда қолданылатын әдістер: **интервью алу, талдамалық және сценарийлік әдістер**
16. Ресейлік географ Бабуриннің анықтауы бойынша, сарапшылар тобының түрлері: **аса ірі, үлкен, орташа, шағын**
17. «635» әдісінің ерекшелігі: **6 сарапшы 5 минутта 3 жаңа идеяны жазбаша ұсынуы тиіс**
18. Географиялық модельдеу әдістерінің топтары: **заттық модельдеу, баламалы модельдеу, таңбалық модельдеу, логикалық модельдеу**

19. Географиялық нысанның немесе үдерістің пішінін, қасиеттері мен өзгерістерін бейнелейтін модель: **заттық модельдеу**
20. Зерттелетін нысанды талдаудың сандық қана емес, сапалық та критерийлері ескерілетін модель: **баламалық модель**
21. Блок-сызбалар, кестелер мен графиктер қолданыла отырып жасалатын модель: **таңбалық модель**
22. Модельді құрастыру кезеңдерін түгел қамтитын үдеріс: **модельдеу**
23. Географиялық қабықтың зат, энергия және ақпарат тасымалымен біріккен, өзара байланысқан құрамбөліктерінің жиынтығы: **геожүйе**
24. Зерттеу нысанының болашақ дамуы мен жай-күйіне қатысты сипаттама: **сценарий**
25. Адамның миында ойлау қабілеті нәтижесінде құрылатын модельдер: **логикалық модельдер**
26. Адамның зерттелетін нысан, құбылыс немесе үдеріс туралы білімдері негізінде жасалатын ақыл-ой модельдері: **логикалық модельдер**
27. Табиғи, әлеуметтік және экономикалық жүйелерді үйлестірудің аса маңызды әдістерінің бірі: **аудандастыру**
28. Географиядағы аудандастырудың құрылымдық сызбасын жасаған ғалымдар: **Ю.Н.Гладкий, А.И.Чистобаев**
29. Аудандастырудың маңызды принциптеріне жатады: **үздіксіздігі, біртектілігі мақсаттылығы**
30. Экономикалық аудандастыру теориясының негізін салғандар: **И.Г.Александров, Н.Н.Баранский, Н.Н.Колосовский**

10-11сынып

Картография және геоинформатика

1. Картографияның міндеті: **карта мен атластарды қолдана білуді үйрететін картографиялық әдістерді жетілдіру**
2. Карта бетіндегі ұзындық, аудан және көлем өлшемдерін есептеуге көмектесетін әдіс: **картометриялық әдіс**
3. Картографиялық құралдарға жатады: **циркуль, транспортир, курвиметр, планиметр**
4. Курвиметр латын тілінен аударғанда қандай мағына білдіреді: **иілу**
5. Карта, план және сызба бетіндегі ирек, иілген сызықтар бойымен қашықтықты анықтайтын құрал: **курвиметр**
6. Аудан өлшемін алу қандай құралмен жүргізеді: **планиметр**
7. Карта бойынша аудан өлшемін алудың кең қолданылатын, ең қарапайым жолы: **палетка әдісі**
8. Түрлі деңгейдегі бағдарламалар мен техникалық құралдар көмегімен қолданыстағы шартты белгілер жүйесін тиімді пайдалану және осы кезге дейін жинақталған ақпараттарды жетілдіру арқылы жасалатын сандық карта: **электрондық карта**
9. Электрондық карталар жүйесіне кіреді: **жергілікті жердің картасы, шартты белгілер картасы, әуе ғарыштық түсірілімдер, анықтамалық аудио-видеоақпараттар**

10. Электрондық карталардың қағаз нұсқадан айырмашылығы: **кез-келген жергілікті жер туралы жинақталған ақпараттарды нақты уақыт жағдайында түрлі деңгейлік дәрежеде өңдеу, кейбір ақпараттарға жаңа өзгертулер енгізу сияқты міндеттерді шешуге мүмкіндік береді**
11. Математикалық формулалармен сипатталып, түрлі геометриялық бейнелер, яғни нүкте, сызық, көпбұрыштар көмегімен салынатын бейнелер жиынтығынан құралатын бейнелер: **векторлық бейнелер**
12. Түрлі түсті жекелеген нүктелердің жиынтығынан тұратын бейнелер: **растрлық бейнелер**
13. Растрлық бейнелер көп қолданылады: **мультимедиялық және графикалық өнімдерді жасап шығару кезінде**
14. Картографиялық жүйедегі түрлі өзгерістерді түсінуге қажетті жағдай жасап отырған әдістің бірі: **картографиялық анимация**
15. Ғаламдық ГАЖ: **ГЛОБ-ГАЖ**
16. Картография мен географияның теориясы және әдістерінің көмегімен қолданбалы математика, информатика және компьютерлік техника мүмкіндіктерінің өзара байланысуы нәтижесінде қалыптасып жатқан жаңа ғылым саласы: **геоинформатика**
17. Геоинформатиканың негізгі мақсаты: **географиялық ақпараттарды қазіргі заманғы технология көмегімен жинақтап, қайта өңдеп, қолдана білетін мамандарды дайындау**
18. ҚР экономиканы цифрлық форматқа көшіру мақсатында қабылдаған жаңа бағдарлама: **«Цифрлық Қазақстан»**
19. Қазақстан экономиканы цифрлық форматқа көшіру деңгейі бойынша әлемдік рейтингте нешінші орында: **85 елдің 50-орында**
20. Географиялық мәдіметтер мен нысандарды тиімді жағдайда енгізу, сақтау, өңдеу, талдау, жанарту, және визуализация жасауды ұйымдастыратын бағдарламалар мен ақпараттардың жиынтығы: **географиялық ақпараттық жүйе**
21. «Геоинформатика» сөзі қандай үш сөздің жиынтығынан тұрады: **география, информатика, автоматика**
22. Геоинформатика сөзі қолданысқа ене бастаған уақыт: **20-ғасырдың 80-жылдарынан бастап**
23. Халықаралық қоршаған ортаны жүйелі қорғау институты: **Environment System Research Institute – ESRI**
24. Халықаралық қоршаған ортаны жүйелі қорғау институтының өнімдері: **ARC/INFO ArcView**
25. ГАЖ мәліметтерінің екі типі: **кеңістік және сипаттамалық**
26. Географиялық нысандардың орны мен пішінін және олардың өзара байланысын сипаттайтын мәліметтер: **кеңістік мәліметтер**
27. Географиялық нысандардың сандар мен мәтіндерден тұратын сипаттамалары: **сипаттамалық мәліметтер**
28. ГАЖ жобаларды жүзеге асырушы негіз: **Ақпараттық құралдар**
29. ГАЖ-дың атқаратын төрт негізгі қызметі: **жинақтау, өңдеу, үлгілеу, талдау және шешім шығару**
30. ГАЖ саласындағы ең үлкен сұранысқа ие болған бағдарлама: **Microsoft Excel**

31. Microsoft Excel-ды ойлап тапқандар: **Гарвард студенттері Даниэль Бринклин мен Боб Френкстон**
32. Тарихта ең алғаш көрсеткіш калькуляторды ойлап тапқандар: **Д.Бринклин мен Б.Френкстон**
33. 1982 жылы алғаш рет электрондық кесте жасай алатын қандай процессор ойлап табылды: **Мультиплан**
34. Қазіргі Excel-дің алғашқы нұсқасы қай жылы ойлап табылды: **1985 жылы (1987 де қолданысқа берілді)**
35. Кестелік құрылымды құжаттармен жұмыс істеуге арналған кең таралған құрылымдардың бірі: **Microsoft Excel**
36. «Ақпарат» сөзі латын тілінен аударғанда: **түсіндіру, баяндау, мәлімет**
37. Визуализациялау үшін қолданылады: **2Д және 3Д өлшемді бедерлі карталар, цифрлық анимациялар, көлемді бейнелер, диаграммалар**
38. Абсолюттік статистикалық мәліметтерді әкімшілік бөліну бірліктері бойынша картограмма түрінде көрсету әдісі: **картодиаграмма әдісі**
39. Географиялық картада салыстырмалы статистикалық көрсеткіштердің нүкте және түс қанықтығы бір-бірінен ажыратылатынын бояумен берілуі: **картограмма әдісі**
40. Аумақтық пайдалануына қарай ГАЖ жіктеледі: **ғаламдық, ұлттық, региондық, жергілікті, муниципалдық**
41. Жүктелген міндеттеріне қарай ГАЖ бөлінеді: **жер бетілік, экологиялық, геологиялық, теңіздік, оқу танымдық**
42. Оқу-танымдық ГАЖ бөлінеді: **топографиялық, геоморфологиялық, гидрологиялық, геоботаникалық, шаруашылық, ақпараттық, жалпылаушы**

10,11-СЫНЫП.

ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Адамзат қоғамы өзінің өмір сүруіне қажетті әлемдегі бүкі материалдық-энергетикалық, ақпараттық және әртүрлі табиғат байлықтар мен табиғат құбылыстарының жиынтығын өз қажетіне қолдану мүмкіншілігі: **табиғатты пайдалану**
2. Табиғат пен қоғам күрделі жүйесінің бір бөлігі: **адам**
3. Н.Ф.Реймерстің табиғатты пайдалану жолдарын жіктеуі: **табиғат ресурстарын өндіру, оларды біліп алу, қайта өңдеуден өткізху, оларды қорғау шаралары; адамның тіршілік ортасындағы табиғи шарттарды пайдалануы және қорғау шаралары; табиғи жүйелердің тепе-теңдігін тиімді өзгерту, қайта қалпына келтіру және сақтау шаралары; адам саны мен адамның табиғи өсімін реттеу шаралары**
4. Табиғатты пайдалану бөлінеді: **тиімді және тиімсіз**
5. Табиғи жүйелердің ластануы, экологиялық тепе-теңдік және экожүйелердің бұзылуымен қатар жүретін құбылыс: **табиғатты тиімсіз пайдалану**
6. Табиғатты тиімді пайдалану шаралары: **мәдени-ландшафтыларды қалыптастыру, шикізатты толықтай, қалдықсыз өңдеуге мүмкіндік беретін озық технология түрлерін**

пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеуден өткізу, қорғауға алынатын аумақтарды барынша ұлғайту, флора мен фаунаны сақтауды қамтамасыз ету

7. Орманның ең алғашқы жойылуы байқалған аудандар: **Жерорта теңізі жағалауы, Үндістан, Қытайдың шығыс бөлігі**

8. Орман аумағының екінші қысқаруы байқалған аудандар: **Еуропалық аудандарды (орта ғасырларда)**

9. Орманның үшінші жойылуына себепші болған: **еуропалықтардың Жаңа дүниені игеруі**

10. Қазіргі заманғы орманның төртінші қысқару кезеңі басталған ғасыр: **20-ғасырдың басынан**

11. Орманның төртінші қысқаруы кең таралаған аудандар: **Филиппин, Малайзия, Индонезия, Бразилия**

12. Табиғатты пайдаланудың сапалық сипаттамаларына жатады: **табиғат ресурстарын бір шаруашылық саласы шегінде пайдалану**

13. Табиғатты пайдаланудың ресурстық сипаттамаларына жатады: **кез-келген жекелеген ресурс түрін шаруашылыққа пайдалану**

14. Табиғатты пайдаланудың аумақтық сипаттамаларына жатады: **табиғат ресурстарын белгілі бір аумақ деңгейінде пайдалану**

15. Табиғат ресурстарына әсер етуіне байланысты үрлері: **жалпы және арнаулы табиғатты пайдалану**

16. Табиғат ресурстарын техникалық құралдар мен құрылғылар көмегімен, оның жағдайына керіс әсерін тигізбестен қолдану: **табиғатты жалпы пайдалану**

17. Шараларды жүзеге асыруға рұқсат бере алатын құқығы бар мемлекеттік ұжымның басшылығымен жүргізілетін, табиғатты пайдалану: **табиғатты арнаулы пайдалану**

18. Табиғи ортаны адамның зиянды әрекеттерінен қорғауға бағытталған ережелердің жиынтығы: **экологиялық құқық**

19. Бүгінгі күні биологиялық әртүрлілік жылдам қарқынмен азайып бара жатқандығы сөз етілген 2002 жылы тұрақты даму жөнінде өткізілген саммит: **Йоханнесбургте (ОАР) Бүкіләлемдік саммит 2002 жыл**

20. 1992 жылы маусым айында Рио-де-Жанейро қаласында өтілген саммитте қаралды: **Қоршаған орта және оны дамыту бойынша БҰҰ конференциясында декларация қабылданды**

21. Б.Коммонер экологияның негізгі заңдарын қлай түсіндірді: **барлығы бір-бірімен байланысты, биосфераның сақталуы үшін зат айналымының ажеттілігі, табиғатқа жақын болуды, табиғаттағы жүйелердің тұтастығы**

22. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі тұжырымдамасы алғаш қабылданған жыл: **1996 жылы**

23. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған жыл: **1997 жылы 15 шілдеде**

24. Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы қабылданған жыл: **2006 жылы 7 шілдеде**

25. ҚР «Экологиялық сараптама туралы» Заңы қабылданған жыл: **1997 жылы 18 наурызда**

26. Қоршаған орта және оны дамыту жөнінде Рио-де-Жанейро Декларациясы 27 ұстаныммен қабылданған жыл: **1992 жылы**

27. «Рио+20» атты конференция өткен қала және жылы: **2012 жылы 20-22 маусым аралығында 20-жыл өткен соң**
28. «Рио+20» атты конференцияда Қазақстан Республикасы Жаһандық энергия-экологиялық стратегиясы мақсатында таныстырған бағдарламасы: **«Жасыл Көпір»**
29. Адамзат экологиялық дағдарыс пен басқа да жаһандық қателерге қарсы тұра алатын дамудың жаңа моделі: **Тұрақты даму моделі**
30. Халықтың және өндірістің табиғат ресурстарына қажеттілігін сапалы қанағаттандыруды қамтамасыз ететін, өмір сүру ортасына әсері аз қоғамның экономикалық оңтайлы және экологиялық қауіпсіз дамуы: **тұрақты даму**
31. Табиғатты тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында басқарылатын нысандардың жағдайына және қызметіне әсер ететін әдістер: **басқару әдістері**
32. Табиғатты пайдалануды басқару функциялары: **институционалдық, атқарушылық, табиғат қорғау қызметін экономикалық ынталандыру**
33. Экологиялық апаттардың алдын алу кепілдігін қамтамасыз ететін, табиғи орта және адам үшін қауіпті экологиялық қауіпсіз деңгейге дейін төмендететін шаралар жиынтығы: **экологиялық қауіпсіздік**
34. Мұнай-газ саласы кәсіпорындарының ең үлкен қауіп-қатері: **мұнайдың сыртқа төгілу мүмкіндігі, барлау, бұрғылау кезінде мұнай-газ фонтандарының пайда болуы және көмірсутек шикізатының жануы**
35. Жергілікті деңгейде тұрақты даму қағидаттарын іске асы жөніндегі бағдарлама: **21ғасырға арналған жергілікті күн тәртібі**

10-11сынып

ГЕОЭКОЛОГИЯ

1. Экологиялық жағынан таза ортаны сақтау және табиғат ресурстарын қалыпты пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жоғары иерархиялық деңгейдегі географиялық жүйелердің экологиялық ерекшеліктерін зерттейтін сала: **геоэкология**
2. Геоэкология пайда болған уақыты: **20-ғасырдың 30-40 жылдары**
3. Геоэкология саласы аса қарқынды дамыған ел: **Германия**
4. Геоэкология терминін ең алғаш ұсынған ғалым: **неміс ғалымы К.Тролл 1939 жылы**
5. Геоэкологияның маңызы: **табиғат пен қоғам арасындағы өзара әрекеттесу мәселелерін шешеді**
6. Геоэкологиялық зерттеулерге жатады: **аумақты шаруашылық пайдалануға қатысты зерттеу, аумақтардың геоэкологиялық жағдайына баға беру, аумақтардың рекреациялық әлеуетін бағалау, геоэкологиялық жоспарлау, геоэкологиялық аудандастыру, геоэкологиялық болжаулар**
7. Маңызды қорлардың едәуір азаюымен, ежелгі өнеркәсіпті аудандарда табиғат ресурстарының нашарлауымен және көпшілігінің қалпына келмеуімен байланысты анықталады: **аумақты шаруашылық пайдалануға қатысты зерттеу**

8. Туризм мен демалыс аудандарын оналастыру мен дамытуды негіздеуге бағытталатын зерттеулер: **рекреациялық әлеуетті бағалауға қатысты зерттеулер**
9. Шаруашылықтың жекелеген салаларының және табиғат кешендерінің дамуына, халықтың орналасуына, болжам жасаудың нәтижелеріне сүйенеті зерттеулер: **геоэкологиялық болжамдар**
10. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды негіздеу, оларды орындау көлемін уақыт интервалы мен аумақтар бойынша бөлу: **геоэкологиялық жоспарлау (жобалау)**
11. Табиғт ресурстарына экономикалық баға берудің басты көрсеткіштері: **бағаланатын ресурстарды пайдалану нәтижесінде алынатын бастапқы өнімдердің экономикалық көрсеткіштері**
12. Экологиялық жағдай қандай факторлар ықпалымен қалыптасады: **қоршаған ортаның ластануы және оның өздігінен тазаруы**
13. Ластану неге байланысты: **өндірістік-экономикалық жағдайға**
14. Өздігінен тазару неге байланысты: **қоршаған ортадағы физикалық-географиялық жағдайларға**
15. Ластану түрлері: **орналасу, кеңістік қамтуы, мерзімі, жаратылысы**
16. Ластаушы көздер орналасуына байланысты бөлінеді: **тұрақты және мобильдік**
17. Тұрақты ластаушы көздері: **өндіріс орындары**
18. Мобильдік ластаушы көздері: **көлік құралдары**
19. Кеңістік қамтуына байланысты ластанудың түрлері: **3-топқа бөлінеді нүктелік(зауыт), аландық (көмір карьері), сызықтық (транспорт магистральдары)**
20. Ластану мерзіміне қарай бөлінеді: **бастапқы (қоршаған ортаға тікелей түсуі) немесе екінші қайтара (қоршаған ортадағы ластағыштардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде)**
21. Ластану жаратылысы бойынша қандай топтарға бөлінеді: **химиялық, физикалық, биологиялық, эстетикалық немесе визуалдық**
22. Химиялық ластау көздері: **газ, химиялық элементтер, түтін және т.б**
23. Физикалық ластану көздері: **радиоактивті, электромагниттік, шу, жылу**
24. Биологиялық ластану көздері: **бактериологиялық, вирустық, арапшөптер және т.б**
25. Эстетикалық немесе визуалдық ластану көздері: **табиғи ландшафтының күрт өзгеруі, қайталанбас табиғат көрінісінің бұзылуы, құрылыс және т.б**
26. Кез-келген аумақтың ластану деңгейін талдау үшін пайдаланады: **ластаушы заттардың шекті мөлшердегі концентрациясы**
27. Табиғи ортаның ластану көрсеткіші ретінде алынады: **атмосфераның ластану индексі (АЛИ)**
28. Қаақстанда қазіргі таңда анықталып отырған 5 экологиялық проблема: **ұлы химиялық заттардың таралуы, өндірістік қалдықтармен ластану, Арал теңізіне қатысты мәселелер, Каспий теңізінің ластануы, шөлейттену, топырақтың ластануы**
29. Қытайда әлі күнге дейін шешімін таппаған экологиялық мәселелер: **ауаның көмірқышқыл газымен ластануы, қышқыл жаңбырдың жаууы, солтүстікте судың жетіспеуі,мелиорация әсерінен жер бедерінің бұзылуы, ормандардың жаппай кесілуі,катаклизмдердің көбеюі**

30. Жыл сайын мұхитқа қанша мұнай түседі: **5-10 млн т**
31. Адам әрекеті әсерінен өзгеріске ұшырау дәрежесін бағалау нәтижесінде адам тіршілігі тұрғысынан алғада қолайсыз деп саналатын қазіргі табиғи-антропогендік ландшафтылардың немесе геожүйелердің кешенді аудандастырылуы: **геоэкологиялық аудандастыру**
32. Қазақстандағы экологиялық жағдай шиеленісуіне қарай неше деңгейге бөлінеді: **5 деңгей**
33. Апатты деңгейге кіретін аймақтар: **Арал теңізінің акваториясы, Кенді Алтайдың өндірістік ареалы, Семей ядролық полигоны, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы**
34. Апатты деңгейдің ластанудың қанша пайызымен сипатталады: **81-100 пайыз**
35. Қауіпті деңгейге жатады: **Балқаш, Жамбыл, Жезқазған, Қызылорда, Теміртау, Шымкент, Алматы, Қарағанды, Соколов-Сарыбай, Павлодар, Екібастұз, Жетібай-Өзен, Теңіз мұнай өндіру, Байқоңыр ғарыш полигоны, Возрождение полигоны, Ертіс, Сырдария, Нұра, Арыс өзендері, Балқаш көлі**
36. Қауіпті деңгей ластанудың қанша пайызымен сипатталады: **61-80 пайыз**
37. Шиеленіскен деңгейдегі аудандар: **Ембі, Ақтөбе мұнай, Қарашығанақ газ, Ақшатау, Атасу-Қаражал, Жаңатас-Қаратау, Қашар, Саяк, Текелі, Жетіқара, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Семей урбо-өндірістік кешендері, Қапшағай, Шардара су бөгендері, Іле, Шу өзендері**
38. Шиеленіскен деңгейдегі аудандар ластанудың қанша пайызымен сипатталады: **41-80 пайыз**
39. Қанағаттанарлық деңгейдегі аудандар: **Нұр-Сұлтан, Көкшетау, Талдықорған, Петропавл, Орал қалаларының урбо-өндірістік кешендері, Есіл, Талас, Тобыл, Сарысу, Жайық өзендері**
40. Қанағаттанарлық деңгейдегі аудандар ластанудың қанша пайызымен сипатталады: **21-40%**
41. Қолайлы деңгейдегі аудандар: **Қазақстанның адам аз қоныстанған аймақтары, шөлейттер, шөлдер, таулы аймақтар**
42. Қолайлы деңгей ластанудың қанша пайызымен сипатталады: **0-20 пайыз**
43. Қазақстан аумағын экологиялық шиеленіс деңгейі бойынша 5 деңгей 47 провинцияға бөлген: **қазақстандық геоэколог А.В.Чигаркин**
44. Табиғи ортаны сипаттайтын көрсеткіштер: **тұрақтылық, икемділік, инерция, сыйымдылық және ортаның өзгеру шектері**
45. Құрлықтың қанша пайызын ормандар алып жатыр: **26,8 пайызы (4 млрд га)**
46. Дүниежүзінде ағаш сүрегінің қоры: **330 млрд м3**
47. ФАО ұйымының деректері бойынша қазіргі кезде жыл сайын кемінде қанша орман жойылады: **6 млн га**
48. Орман жойылуы көп байқалатын аймақтар: **Амазония мен Индонезия**
49. Жыл сайын тек эрозия әсерінен құнарлығын жоғалтып, айналымнан шығып қалатын жер ауданы: **6-7 млн га**
50. Антропогендік шөлейттену көлеі қазіргі кездегі ауданы: **10 млн км2**
51. Бүкіл әлемдік жер қорының қанша пайызы антропогендік шөлейттенуге ұшыраған: **8 пайызға жуығы**
52. Атмосфераның төменгі қабаттарының жылынуынан болатын құбылыс: **жылыжай эффектісі**

53.Соңғы 10 жыл ішіндегі атмосфера құрамындағы озонның 40 пайызға азайғанын анықтаған: **1984 жылы Халли-Бей стансысында**

54. Озонды ыдырататын қосылыстарды шығаруды шектеуге қол қойылған жыл: **1989 жылы (Монреаль хаттамасы) 1985 жылы (Вена конвенциясы)**

ЕЛТАНУ ТАРАУЫ БОЙЫНША

1. Аймактану ілімінің дамуына үлесін қосқан: **Фридрих Ратцель**
2. Жер бетінің беткі бөліктері табиғатының ортақ белгілері мен ерекшеліктеріне негізделе отырып, түрлі деңгейлердегі аумақтарға бөлу жүйесі: **физикалық-географиялық аудандастыру**
3. Физикалық-географиялық аудандастыру бірліктері: **физикалық-географиялық аймақ, физикалық-географиялық облыс(провинция), физикалық-географиялық аудан, географиялық ландшафт**
4. Ірі геологиялық құрылымға сәйкес келетін, орографиялық жағынан салыстырмалы түрде біртұтас өзіндік географиялық зоналар құрылымы бар ірі аумақ: **физикалық-географиялық аймақ**
5. Геоморфологиялық және геологиялық тұрғыда жер бедері біртектес болып келетін провинцияның ең ірі айқындалған бөлігі: **физикалық-географиялық аудан**
6. Жер бедері, климат, су, топырақ өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі өзара күрделі байланыста болатын, біртұтас үздіксіз жүйе құрайтын табиғи географиялық кешен: **географиялық ландшафт**
7. Топтастыру негізінде аймақтарды үш сатылы жүктемеге ажыратқан ресейлік географ: **Ю.И.Гладкий**
8. Ю.И.Гладкий ажыратқан аймақтың үш түрі: **жекелеген белгілері бойынша ажыратылған аймақтар, бірнеше белгілері бойынша ажыратылатын аймақтар, адам әрекеті мен табиғи факторлардың барлығы дерлік қамтылатын аймақтар**
9. Физ-географиялық аймағы палеозойлық кристалды фундаменттегі орнымен, жер бедерінің ұсақ шоқылардан тұратын аласа, ескі тау жоталары жүйесімен ерекшеленетін аймақ: **Сарыарқа немесе Қазақтың ұсақ шоқысы**

1. XX ғасырда адамзат тарихын жекелеген өркениеттерге жіктеп, олардың қалыптасуына табиғи және әлеуметтік фактор ықпал ететінін талдаған ағылшын ғалымы: **А.Тойнби**
2. Адамзаттың үдемелі дамуының бірыңғай үдерісі: **дүниежүзілік өркениет**
3. Мәдениеттің және оның құрамбөліктерінің аумақтық жіктелуін зерттейтін ғылым: **мәдениет географиясы**
4. Өзіндік даму тарихы мен мәдени ерекшеліктері бар аймақтарды Ратцель мен Тойнби не деп атады: **тарихи-мәдени аймақтар**
5. Ұлы Географиялық ашылулардан кейін еуропалықтар әлемді қандай дүниелерге бөлді: **Ескі дүние (Еуропа, Азия, Африка) және Жаңа Дүние (Америка)**

6. Ғалымдар жалпыәлемдік өркениет дамуына атап көрсететін үш кезең: **индустриялануға дейінгі, индустриялық және постиндустриялық**
7. БҰҰ ресми түре жіктеген тарихи-мәдени аймақтар саны: **7**
8. 12 өркениеттік макроаймақты бөлік көрсеткен: **В.В.Вольский**
9. Батыс өркениетінің түпқазығы: **Солтүстік Америка мен Еуропа**
10. Қазіргі заманғы ғылымды және оның егізінде жоғары дамыған техниканы жасаған, нәтижесінде алғашқы ғылыми-техникалық өркениет болып саналды: **Батыс өркениеті**
11. Қытайда дәстүрлі конфуцийлік құндылықтар жүйесі коммунистік идеологиямен үйлесе отырып, қытай халқының рухани бейнесін анықтап берген өркениет: **Қытай өркениеті**
12. Ислам елдерінде діни сана қоғамдық сананың басты формасы болып табылатынын көрсететін өркениет: **Мұсылман өркениеті**
13. Бейбіт, рухани спаты басым, касталық құрамның сақталуы байқалатын өркениет: **Үнділік өркениет**

63. Дүниежүзін саяси-географиялық аудандастыру. Геосаяси аудандар

1. Дүниежүзін саяси-географиялық тұрғыда аудандастырудың алғашқы үлгісін жасаған британдық ғалым, саясаткер: **Хэлфорд Джон Маккиндер**
2. Маккиндер саяси тұрғыда дүниежүзін қандай аймақтарға жіктеген: **орталық, ішкі жарты ай және сыртқы жарты ай**
3. Геосаяси тұрғыдан басымдылық беретін маңызды аймақ: **геостратегиялық облыс**
4. Хартлендті қоршап жатқан Еуразияның жағалық бөліктері: **ішкі жарты ай**
5. Ішкі жарты айдан тысқары жатқан аймақтар: **сыртқы жарты ай**
6. Әлемдік тұрғыдан алғанда әлемнің орталығы: **Еуразия (хартленд-Еуразия орталығы)**
7. Еуразия құрлығының солтүстік-шығысын қамтитын, әлемнің орталығы болып саналатын аймақ: **хартленд**
8. Хартлендке жататын аймақтар: **Ресей, Шығыс Еуропа, Қазақстан мен Орталық Азия**
9. Маккиндердің «әлемдік арал» деген ұғымына жатады: **Азия, Африка, Еуропа**
10. XX ғасырдың екінші жартысында әлемнің «көпполюстілігі» туралы тұжырым жасап, әлемнің анағұрлым күрделі геосаяси үлгісін ұсынған америкалық геосаясатшы: **С.Коэн**
11. С.Коэн бүкіл әлемді қандай геостратегиялық облыстарға бөлген: **сауда дамыған теңіз маңы және Еуропалық құрлық әлемі**
12. С.Коэннің пікірінше, геостратегиялық облыстардың шегарасында жатқан аудандар: **Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай жатқан бөлігі, Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия**

65. Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер

1. Кешенді елтанудың басты мақсаты: **әртүрлі аумақтардың (елдер мен аудандар) біртұтас және кешенді сипаттамаларын беру**
2. Елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табиғаты, халқы, шаруашлығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдасуы туралы пән: **елтану**
3. Елтану бағытының негізін салған ресейлік ғалым: **Н.Н.Баранский**
4. Елдерге кешенді сипаттама қандай әдіс арқылы жүзеге асырылуы қажет: **синергетикалық әдіс**
5. Елдерді салыстырудағы негізгі көрсеткіштер: **демографиялық көрсеткіш, экономикалық көрсеткіш, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы, жиынтық көрсеткіш**
6. Халықтың жайлы өмір сүру және игіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейі, өміріне керекті негізгі қажеттіліктермен қамтамасыз етілу көрсеткіші: **өмір сүру деңгейі**
7. Әлемдік банкінің анықтауы бойынша тәуліктік күнкөрісі 1,9 АҚШ долларынан төмен адамдар: **кедей адамдар**
8. АҚШ-тың Халық санағы жөніндегі бюросының анықтауы бойынша 4 адамнан тұратын отбасының жылдық табысы 24 563 АҚШ долларынан төмен болса, ондай отбасы: **кедей отбасы**
9. 2017 жылғы мәлімет ойынша АҚШ халқының қанша пайызын кедейлер құрайды: **12,7%**

67. Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын демографиялық көрсеткіштер

1. Ғалымдардың айтуынша дүниежүзіндегі халық санының өсуіне тән маңызды факторлар: **табиғи, әлеуметтік-экономикалық, саяси, дәни, медициналық, экологиялық, гуманитарлық факторлар**
2. Қазіргі кезде халық саны 100 млн адамнан асатын мемлекет саны: **13 мемлекет**
3. Халық саны ең аз мемлекеттер: **Ватикан, Монако, Сан-Марино, Науру, Тувалу, Палау т.б**
4. Халық саны ең көп мемлекеттер: **Қытай, Үндістан, АҚШ, Индонезия, Бразилия, Пәкістан т.б**
5. Population Reference Bureau деректері бойынша 2018 жылдың ортасында дүниежүзі халқының саны: **7 млрд 621 млн**
6. Дүниежүзінің халықтың орташа тығыздығы: **1 шаршы километрге 51 адамнан келеді**
7. 2018 жылы дүниежүзінде туудың орташа көрсеткіші: **19 промилле**
8. Туудың ең төмен көрсеткіші байқалатын елдер: **Еуропа елдері (10 промилледен аз)**
9. Туудың ең жоғары көрсеткіші байқалатын елдер: **Африка елдері (45 промиллеге жетеді)**
10. Қазақстандағы туудың коэффициенті: **23 промилле**
11. Дүниежүзі бойынша өлім деңгейі: **7 промилле**
12. Қазақстандағы өлім деңгейі қанша промиллені құрайды: **7 промилле**
13. Халықтың өмір жасының ұзақтығы әлем бойынша 2017 жылы неше жасты құрайды: **72 жас**
14. Адамның өмір жасының ұзақтығы жоғары елдер: **Монако, Жапония, Сингапур, Сан-Марино, Андорра, Швейцария, Австралия және т.б**

15. Дүниежүзі бойынша қарт адамдар үлесі 2018 жылдың орта шеніндегі шамасы: **9 пайыз**

68. Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын әлеуметтік көрсеткіштер

1. Әлеуметтік дамудың үш маңызды жағын (адамның негізгі қажеттіліктері, әл-ауқат негіздері және мүмкіндіктері) қамтитын көрсеткіштердің жиынтығы: **әлеуметтік прогресс индексі**
2. Әлеуметтік прогресс индексі рейтингінде Қазақстан нешінші орында: **71-орын**
3. Әлеуметтік прогресс индексі жоғары елдер: **Норвегия, Исландия, Швейцария**
4. Негізгі білімнің қолжетімділігіне қатысты Қазақстан нешінші орын алады: **31-орын**
5. Орта мектеп деңгейінде елдегі білім берудің жағдайына талдау жасау: **Білім сапасын зерттеудің халықаралық жүйесі (PISA)**
6. Әлем университеттерінің халықаралық рейтингілеріндегі алдыңғы қатарлы елдер: **АҚШ, Ұлыбритания**
7. Білім беру қызметінің экспорты жөніндегі алдыңғы қатарлы елдер: **АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Аустралия**
8. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтері бойынша 2018 жылы дүниежүзінде жұмыссыздар саны: **172,5 млн адам**
9. Ресми мәліметтер бойынша 2018 жылы Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі: **4,9 пайыз**
10. Жұмыссыздық деңгейі экономикалық дағдарыс байқалатын елдер: **Грекия-19,2 пайыз, Испания-15,5 пайыз**

69. Дүниежүзі елдерінде ақпараттық технологиялардың даму көрсеткіштері

1. Есептеу техникасы және телекоммуникация құралдары арқылы ақпаратпен әрекет ету әдістері мен үдерістері: **ақпараттық-коммуникациялық технологиялар**
2. Дүниежүзі елдерінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дамуын сипаттайтын кешенді көрсеткіш: **ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексі**
3. Дүниежүзінде Интернетті қарқынды пайдаланатын елдер: **Еуропа елдері (46,3 пайыз)**
4. Елдер бойынша Интернет пайдаланушылар үлесі жөнінен бірінші орын алатын ел: **Норвегия (халықтың 96,8 пайызы)**
5. 2017 жылы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексі жөнінен көш бастаған елдер: **Исландия, Корея Республикасы, Швейцария**
6. Қазақстан АКТ индексі бойынша әлемдік рейтингте нешінші орныда: **52-орын**

70-71. Жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелетін

дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингі

1. Зерттелетін нысандардың айырмашылықтарын жан жақты анықтау үшін бірнеше көрсеткіштерді бір шкалада қамтуға мүмкіндік беретін көрсеткіш: **жиынтық көрсеткіштер**

2. Елдерді салыстыру және өмір сүру, сауаттылық, білімдік деңгейін және өмір сүру ұзақтығын өлшеу мақсатында есептелетін интегралды көрсеткіш: **Адам дамуының индексі (АДИ)**
3. АДИ көрсеткішін ұсынған пәкістандық экономист: **Махбуб уль-Хак**
4. АДИ көрсеткіші ескеріле бастаған жыл: **1990 жылы (БҰҰ шешімімен)**
5. АДИ есептеу барысында ескерілетін көрсеткіштер: **елдегі өмір жасының ұзақтығы, ел халқының сауаттылық деңгейінің индексі, табыс индексі**
6. Елдегі 15 жастан асқан сауатты адамдардың үлесі: **ересек тұрғындардың сауаттылық деңгейі**
7. Ересек тұрғындардың сауаттылық деңгейі жөнінен Қазақстан нешінші орын алады: **1-орын**
8. Елдегі сауаттылар мен бүкіл халық санының арақатынасы: **ел тұрғындарының сауаттылық индексі**
9. АДИ көрсеткіші бойынша елдер қандай топтарға жіктеледі: **адамның дамуының өте жоғары, жоғары, орташа және төмен деңгейі**
10. Орташа әлемдік АДИ көрсеткіші: **0,694**
11. БҰҰ ДБ 2017 жылы жариялаған АДИ рейтингісінде Қазақстанның АДИ көрсеткіші: **0,800 (52-орын)**
12. Әлемнің 104 елінде қанша адам көпшамалы кедейшілікке жатқызылады: **1,56 млрд адам (халықтың 30 пайыздан астамы)**
13. Көпшамалы кедейшілік индексі (ККИ) бойынша кедей адамдардың үлесі ең жоғары елдер: **Африка елдері (Эфиопия 87 пайыз, Либерия-84 пайыз, Мозамбик-79 пайыз, Сьерра Леоне-77 пайыз)**
14. Үндістан кедей адамдардың саны: **612 млн адам**
15. Гендерлік теңсіздік индексі (ГТИ) қандай көрсеткіштермен бағаланады: **репродуктивті денсаулық, құқықтары мен мүмкіндіктерінің артуы, еңбек нарығындағы мүмкіндіктері**
16. 2016 жылы ГТИ рейтингі бойынша гендерлік теңсіздіктің ең төмен деңгейі байқалатын елдер: **Швейцария, Дания, Нидерланд**
17. Гендерлік теңсіздіктің ең жоғары деңгейі байқалатын елдер: **Африка елдері, Оңтүстік Азия мен араб мемлекеттері**

10-СЫНЫП БАЗА.

ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1. Жыл ішінде белгілі бір аумақта өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтің жалпы құны: **Жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ)**
2. Жыл ішінде белгілі бір аумақта шетелдік кәсіпорындарды есептемегенде өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтің жалпы құны: **Жиынтық Ұлттық Өнім (ЖҰӨ)**
3. Ел экономикасының ауқымы ненің көлемімен анықталады: **жалпы жиынтық өнім көлемімен**
4. Жиынтық өнімнің екі түрі: **жиынтық ішкі өнім және жиынтық ұлттық өнім**

5. Бір елдің ақшалай бірліктерінің санын бірдей тауарлар мен қызметер жиынтығын алуға болатын басқа елдердің ақшалай бірліктерінің санына қатысты есептеу әдісі: **сатып алу қабілетінің паритеті (САҚП)**
6. Елдің экономикалық даму деңгейін анықтауда ескерілетін көрсеткіш: **жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші**
7. Қазақстанда 2017 жылы сатып алу қабілетін ескергенде ЖІӨ көлемі ресми бағам бағам бойынша қанша: **478 млрд доллар**
8. Қазақстанда 2017 жылы сатып алу қабілетін ескергенде ЖІӨ көлемі жан басына шаққанда: **26 252 доллар**
9. Ресей географтары дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейіне қарай неше түре бөледі: **экономикасы дамыған елдер, өтпелі экономика тән елдер және дамушы елдер**
10. Әлемдік нарық пен халықаралық еңбек бөлінісінде жетекші рөл атқаратын елдер: **дамыған елдер**
11. Барлық халықаралық ұйымдар нарықтық экономикасы дамыған елдер саны: **40 шақты ел**
12. Әлемнің дамыған 35 елі мүше ұйым: **экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы**
13. Қазіргі кезде дамыған елдер экономикасының басты қозғаушы күші: **ғылыми-техникалық прогресс**
14. Ғылыми техникалық ілгерілеудің басты көрсеткішінің бірі: **ғылымға негізделген өндірістің дамуы**
15. Қазіргі дүниеде ғылымға негізделген өндіріс шоғырлан елдер: **АҚШ, Жапония, Германия**
16. Әлемдік экономикаға тікелей ықпал ететін қаржы орталықтары: **Лондон, Нью-Йорк, Чикаго, Токио**
17. Әлемдегі ең ірі ұлтаралық құрылымдардың саны: **20**
18. Халықаралық нарықтағы несиелік қаржының қанша пайызы дамыған елдердің өз ішінде айналымға түседі: **90 пайызы**
19. Дамыған елдерді әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері негізінде қандай топтарға жіктейді: **жоғары дамыған елдер, батыс еуропаның шағын капиталистік елдері, қоныс аударған капитализм елдері, азиядағы жаңа индустриялық елдер**
20. «Үлкен Жетілік» деп аталатын жоғары деңгейде дамыған басты капиталистік елдерді басқаша қалай атайды: **«өркениет локомотивтері»**
21. «Үлкен Жетілік» елдері: **АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия, Жапония**
22. Әлемде ЖІӨ көлемі жөнінен АҚШ нешінші орынды алады: **2-орын**
23. АҚШ-тың ЖІӨ көлемі 2017 жылғы мәлімет бойынша: **19,48 трлн**
24. Әлемдегі ең ірі Нью-Йорк қор биржасының 2017 жылғы айналымы: **21 трлн доллар**
25. Жоғары дамыған елдерде орналасқан ірі қаржы орталықтары: **Нью-Йорк, Токио, Лондон, Торонто, Франкфурт, Милан**
26. Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдеріне жатады: **Бельгия, Дания, Норвегия, Нидерланд, Исландия, Испания, Португалия, Швеция, Аустрия, Швейцария, Грекия,**

Ирландия, Финляндия (шағын елдер Монако, Люксембург, Лихтенштейн, Сан-Марино, Андорра, Мальта)

27. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінде ерекшеленетін елдер: **Бельгия мен Нидерланд**
28. Порт шаруашылығымен ерекшеленетін: **Роттердам, Антверпен**
29. Халықаралық теңіз танысамылан мамандануымен ерекшеленетін ел: **Норвегия**
30. Станок шығарумен және қаржы орталықтарымен ререкшленетін: **Швейцария**
31. Целлюлоза-қағаз өндірісімен ерекшеленетін ел : **Финляндия**
32. Машина жасау және металлургия өнеркәсібімен ерекшеленетін ел: **Швеция**
33. Гүл өсіруге маманданған ел: **Нидерланды**
34. Нидерландтағы жылыжайлар ауадны: **15 мың га**
35. НАТО мен Еуропалық Одақтың орталықтары: **Брюссель қаласы**
36. АЭХА және ОПЕК сияқты ұйымдардың орталғы: **Вена қаласы**
37. Дамыған капиталистік елдердегі капиталистік қатынастардың дайын үлгісінің бұрын капиталистік жүйе тән болаған елдерге енгізілуі: **капитализмнің қоныс аударуы**
38. Қоныс аударған капитализм елдері: **Аустралия Одағы, Израиль, Жаңа Зеландия, Оңүстік Африка Республикасы**
39. Азиядағы жаңа индустриялық елдердің алғашқы легіне жататын елдер: **Корея Республикасы, Сингапур, Қытайдың бөліктері деп аталатын Сянган мен Тайвань**
40. Мемлекеттік меншік үлесі төмен болуы және өндіріс саласында, сауда, инвестиция, жұмыс күшін пайдалануда нарықтық бәсекелестіктің үстемдігі, күрделі әлеуметтік жіктелу тән модель: **либеральды (америкалық) модель**
41. Либеральдық модельдің қалыптасқан уақыты: **20-ғасырдың бастапқы онжылдықтарында АҚШ-та**
42. Қай елдер либеральдық модельге жақын болып келеді: **Ұлыбритания, Канада, Италия, Бельгия**
43. Табыстарды кеңінен бөлісу және қоғамдағы топтардың өзара келісімдеріне қол жеткізу арқылы әлеуметтік кепілдіктерінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін модель: **әлеуметтік бағдарланған (шведтік) модель**
44. Ең алғаш Швецияда пайда болған модель: **шведтік модель**
45. Қазіргі таңда шведтік модель тән елдер: **Аустралия, Жаңа Зеландия, Скандинавиялық елдер**
46. Нарық бәсекелестігі жағдайында дамитын қоғамды айрықша әлеуметтік инфрақұрылым толықтырып тұратын модель: **әлеуметтік-нарықтық (германдық) модель**
47. Мемлекет бірлескен капитализмді белсенді түрде реттейтін және конфуцийлік менталитет негізінде басқарылатын экономика: **иерархиялық-бірлестік (жапондық) модель**
48. Ең сапалы жұмысшы күші шоғырлан аймақ: **Шығыс Азия**
49. «Өтпелі экономика» елдерінің ерекшелігі: **экономикалық жүйелерінің жоспарлы сипаты болмағанымен, әлі де болса нағыз нарықтық экономикаға тән барлық элементтерге ие болмауында**

50. Өтпелі экономика елдеріне қанша ел жатады: **28 ел**
51. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдер: **Венгрия, Чехия, Словакия, Словения, Латвия, Польша, Эстония**
52. Балтық бойы республикалары: **Латвия, Литва, Эстония**
53. Нарықтық экономикаға өтудің басты шарттарының бірі: **мемлекеттің экономикаға тікелей араласуын шектеу**
54. Аса қажетті қадамдардың бірі болып саналатын, мемлекеттік бюджет дефицитін азайту, айналымға артық ақша массасын шығармау жатады: **Макроэкономикалық тұрақтандыру**
55. Мемлекет тарапынан бағаларды реттеуден толығымен немесе ішінара бас тарту, бағалардың нарықтағы тауарларға сұраныс пен ұсыныс негізінде, тауар өндірушілер арасындағы еркін бәсекелестікке сәйкес қалыптасуына көшу: **бағаларды либералдандыру**
56. Қайта құрулар қандай бағытта жүріп отырған: **екі түрлі бағытта эволюциялық және радикалды**
57. Нарықтық экономикаға көшудің эволюциялық жолын таңдаған елдер: **Венгрия, Словакия, Чехия**
58. Радикалды қайта құрулар жүрген елдер: **посткеңестік елдер**
59. ТМД елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастық бастау алған жыл: **1992 жылдың күзінде**
60. 2009 жылы 18 тамызда өз өтініші бойынша ТМД құрамынан ресми түрде шыққан ел: **Грузия**
61. Мемлекеттік бюджет дефициті: **шамадан тыс инфляция жүріп, ұлттық валюта бағамының күрт төмендеуі**
62. Дамушы елдерге жатады: **Азия, Африка, Мұхиттық аралдар, Латын Америкасындағы елдер**
63. Ұзақ жылдар бойы экономикалық құлдырауды бастан кешірген және дамыған елдерге экономикалық тәуелділікте болған кедей елдер: **мешеу елдер**
64. Дамыған елдерде 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі: **16 пайыз**
65. Даму деңгейі өте төмен елдерде 15 жасқа дейінгі балалар үлесі: **40 пайыз**
66. Дамушы елдер ішкі айырмашылықтарына қарай қандай топтарға бөлінеді: **жетекші дамушы елдер, жаңа индустриялық елдер, мұнай экспорттаушы елдер, плантациялық шаруашылық елдері жалға пәтер беруші елдер, даму деңгейі төмен елдер**
67. Жетекші дамушы елдерге жатады: **Қытай, Үндістан, Бразилия, Мексика**
68. Халық санының көптігі, осыған байланысты елдер арзан еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілген елдер: **жетекші дамушы елдер**
69. Шетелдік компаниялар үшін кәсіпкерлікті жүргізудің айрықша жағдайлары бар ел немесе аумақ: **оффшор**
70. 2017 жылғы мәліметтер бойынша Қытай жан басына шаққандағы жиынтық ұлттық табыс өнімі бойынша әлем елдері арасында алатын орны: **78-орын (Үндістан 123-орын)**
71. Өте қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша сапалық секіріске қол жеткізген елдер: **жаңа индустриялық елдер**

72. Жаңа индустриялық елдер ЖІӨ көлеміндегі үлесі: **1,7 пайыз**

10,11-СЫНЫП.

АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. Бүкіл әлемді, барлық адамзатты қамтитын, адамзаттың бүгінгі мен ертеніне қауіп төндіретін және шешілуі үшін барлық елдер мен халықтардың бірлескен әрекеттерін талап ететін мәселелер: **ғаламдық мәселелер**
2. Адамзаттың ғаламдық мәселелері: **бейбітшілікті сақтау, азық-түлік, экологиялық, энергия және шикізат, демографиялық, дүниежүзілік мұхитты игеру мәселелері**
3. Шамамен алғанда, осы кезге дейін әлемде орын алған соғыс саны: **14 мыңдай**
4. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қаза тапқан адам саны: **20 млн шамасында**
5. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қаза тапқан адам саны: **50 млн**
6. Чернобыль атом электр стансасындағы жарылыс болған жыл: **1986 жыл**
7. Стокгольм бейбітшілік мәселелерін зерттеу институтының деректері бойынша әскери шығындардың жылдық мөлшері: **1 трлн 238 млрд**
8. 2013 жылы әлемдегі ең әскери шығыны көп ел: **АҚШ**
9. АҚШ-қа дүниежүзіндегі әскери шығындардың қанша пайызы тиесілі: **35 пайызы**
10. Экономика, саяси және идеологияның басын қосатын біртұтас жүйе: **милитаризм (латынша әскери деген мағына береді)**
11. Әскери өндірісті күнделікті адам тұрмысына қажетті өнімдер жасауға көшіру: **конверсия**
12. Әлемдік деңгейде халықаралық лаңкестік әрекеттерінің заңсыздығы жөніндегі бірқатар келісімшарттар қабылданған жыл: **1970 жыл**
13. 2001 жылы 11 қыркүйектегі оқиғалардан соң құрылған ұйым: **БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Лаңкестікке қарсы комитет**
14. Жылына мұнайдың қанша қоры жұсалады: **3 млрд жылына**
15. Табиғи газдың жылына жұмсалатын қоры: **2300 млрд м3**
16. Көмірдің жылына жұмсалатын қоры: **5 млрд т**
17. Қазіргі кезде дүниежүзінің қанша елінде АЭС бар: **32 елде**
18. АЭС қарқынды пайдаланып жатқан ел: **Франция (72 пайыз)**
19. АҚШ бокситті қанша пайызын сырттан алады: **90 пайызы**
20. Азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігінің халық санының артуына сәйкес келмейтіндігі туралы әйгілі болжам жариялаған: **Т. Мальтус**
21. Халықтың табиғи өсуен арттыруды қолдайтын саясат жүргізуші елдер саны: **20 ел**
22. Халық санының тежеге бағытталған демографиялық саясат ұстанушы халық саны: **85 ел**
23. Азық-түлік өнімдерін экспортқа шығаратын елдер: **АҚШ, Канада, Аустралия, ЕО құрамындағы елдер, Финляндия, Венгрия**

24. Азық-түлік жетіспейтін, бірақ оны сырттан сатып алу мүмкіндігі бар елдер: **Жапония**
25. Азық-түлі өндірісі жеткілікті сұранысты әрең қамтамасыз ететін елдер: **Қытай, Үндістан, Оңтүстік Америка елдері**
26. Азық-түлік жетіспейтін, бірақ өзін-өзі қамтамасыз ету үшін су және жер ресурстарын қарқынды игеріп жатқан елдер: **Египет, Индонезия, Пәкістан, Филиппин**
27. Жан басына шаққанда азық-түлікпен қамтамасыз етілу жағдайы төмен елдер: **Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан елдері**
28. Халық санының артуы аумақтың ресурстық мүмкіндігінен жоғары болуы себепті азық-түлік дағдарысы басталған елдер: **Гаити, Непал, Сальвадор**
29. Тіршілікке қажетті энергияның 70 пайызын жүгеріден алатын ел: **Гватемала**
30. Голландтық ғалымдар жүргізген есептеулер бойынша құрлықтың қанша пайызы егістік жер болып табылады: **27,4 пайызы, 3714 млн га**
31. Дүниежүзінде егісік жер жан басына шаққанда қанша га келеді: **0,25 га**
32. Мұхит өнімдері қазірше адамзаттық азық-түлік қоржынының қанша пайызын толтырады: **2 пайызын**
33. Қазіргі таңда дүниежүзіндегі мұхит халқының саны: **3 млн адам**
34. Бүгінгі таңда мұнай өнімдерімен аса қатты ластанған аудандар: **Солтүстік, Балтық, Кариб, Жерорта теңіздері мен Парсы шығанағы жағалауы**
35. Жерорта теңізі жағалауында орналасқан елдер саны: **20 ел**
36. 1 м³ лас су қанша мұхит суын ластайды: **10 м³**
37. Жерорта теңізі жолдары арқылы жылына қанша тонна мұнай тасымалданады: **400 млн тонна**
38. Жерорта теңізі жағалауында жылына демалатын халық саны: **90 млнға жуық**
39. Ғаламдық мәселелерді зерттеумен айналысатын ғылым саласы: **Глобалистика**

ГЕОСАЯСАТ. 10-СЫНЫП БАЗА

§48. Геосаясаттың мақсаты мен міндеттері. Зерттеу пәні, негізгі категориялары

1. Геосаясат терминінің авторы: **швед ғалымы Рудольф Челлен**
2. Қазіргі заманғы геосаясаттың басты мақсаты: **мемлекеттің геостратегиясын анықтап, тұжырымдау**
3. Ресейлік географтардың анықтауынша, геосаясат термині: **әлемді билеу ғылымы, ол ғаламдық мәселелерді шешуде қандай шешімдер қабылдау қажет екендігіне жауап береді**
4. Геосаясаттың негізгі міндеттері: **геокеңістікке бақылау жасаудың тетіктері мен формаларын зерттеу, ғаламдық деңгейдегі әртүрлі күштердің кеңістік шегараларын айқындау және болжам жасау, жетекші геосаяси күштердің ықпал аймақтарын жіктеу негізінде дүниежүзін геосаяси аудандастыру, геосаясат субъектілері үшін геосаяси кодтарды жасау**

5. Ғаламдық деңгейдегі әскери-экономикалық, саяси күштердің кеңістік шегараларын айқындау және болжам жасау негізінде құрастырылатын модель: **әлемдік тәртіп моделі**
6. Геосаясаттың негізгі зерттеу пәні: **алуан түрлі аумақтық модельдері бар, аса күрделі дүниежүзінің геосаяси құрылымы.**
7. Өзара байланысқан және даму үстіндегі географиялық нысандар орналасқан аумақ: **геокеңістік**
8. Белгілі бір уақыт кезеңіндегі геосаяси күштердің арасалмағы түріндегі әлемнің геосаяси құрылымы: **әлемдік тәртіп**
9. Экономикалық, саяси және мәдени тұрғыдан салыстырмалы түрде біртекті болатын ірі геосаяси бірліктер: **геосаяси аймақтар**
10. Басым топтардың, мемлекеттердің және т.б күш көрсету, экономикалық немесе мәдени-ақпараттық ықпал ету аймақтарының кеңеюі: **экспансия**
11. Экспансия ұғымын сипаттап көрсеткен: **К.Э.Сорокин**
12. Экспансияның жеті заңын ойлап тапқан ғалым: **Ф.Ратцель**
13. Мемлекет мүдделерінің негізін құрайды: **мемлекеттің саяси тәуелсіздігін қорғау, аумағы мен шегараларын сақтап қалу және халқының әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары**
14. Мемлекеттік мүдделер түрлері: **мекемелік, ұлттық, мемлекеттік, коалициялық (мемлекетаралық)**

§49. Негізгі геосаяси объектілер мен субъектілер. Геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдары

1. Геосаясаттың басты әрекет етуші тұлғалары: **саяси белсенділікке ие субъектілер**
2. Геосаясат субъектілері: **геосаяси кеңістікті бақылау, үстемдік ету, өзіндік мүдделерін жүзеге асыру мақсатында ғаламдық, аймақтық немесе жергілікті деңгейде әрекет ететін мемлекет, мемлекеттер одағы, халық, ұлт, әлеуметтік топ**
3. Геосаясаттың негізгі құралдары: **ақпараттық, саяси, идеологиялық, экономикалық, мәдени**
4. Қоғамның тіршілігін қамтамасыз ететін объектілерге қауіп төндіру, қоршаған орта мен адам өміріне жаппай қастандық жасау тәрізді әрекеттер: **ланкестік әрекеттер**
5. Сана мен еркі бар, белсенді танымдық және басқа әрекет ететін жеке тұлға немесе әлеуметтік топ: **субъект**
6. Субъектінің танымдық немесе басқа әрекеті бағытталған нысан: **объект**
7. Геосаясатта «жұмсақ күш» ұғымының мағынасы: **Әскери күш қолданбай қарсылас мемлекеттік геосаяси жағдайы мен беделіне нұқсан келтіру**
8. Геосаяси басымдылыққа қол жеткізудің жанама жолдарының бірі: **идеологиялық құралдар**
9. Геосаяси ықпал етудің экономикалық әрекеттеріне жатады: **экономикалық санкциялар орнату, сауда соғыстарын ұйымдастыру, арзан бағалы тауарлар енгізу арқылы басқа елдің экономикасын тәуелділікте ұстау, белгілі бір шикізат түрін өндіруді қысқарту немесе ұлғайту арқылы әлемдік нарыққа ықпал жасау және т.б**
10. Мемлекеттер мен ұйымдардың аса маңызды құпия ақпараттық жүйелеріне шабуыл жасау, басқа бәсекелес мемлекет жөнінде жалған ақпаратты кеңінен тарату арқылы әлем қауымдастығы

мен жекелеген елдердің тұрғындарында шындыққа жанаспайтын теріс көзқарас қалыптастыру: **ақпараттық қақтығыстар**

50. Қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігі

1. Қазіргі кезде әскери қақтығыстар алаңы болып отырған аймақтар: **Африка, Азия**
2. Қазіргі кездегі әскери қақтығыстар орын алып жатқан мемлекеттер: **Алжирде Ислам құтқару майданы, Сомалиде мемлекеттің бірнеше бөліктерге бөлінуіне қатысты азамат соғысы**
3. 2011 жылдың басында оппозициялық қозғалыс жүргізген елдер: **араб елдері Египет, Тунис, Ливия, Бахрейн және т.б**
4. ХХІ ғасырдағы әлем дамуына ықпал ететін саяси факторлар: **Қытайдың әлемдік көшбасшылар тобына енуі, оның саяси салмағының артуы, АҚШ-тың әлемдік деңгейде саяси және әскери үстемдігі, РФ геоэкономикалық қуатының артуы, ЕО шеңберінде ынтымақтастықтың дамуы, НАТО блогының Шығысқа қарай кеңеюі, Халықаралық лаңкестік және оған қарсы күрестің күшеюі**
5. Халықаралық лаңкестік лаңкестіктің аса қауіпті түрі ретінде пайда болған уақыты: **1960 жылдардың соңында**
6. Халықаралық лаңкестіктің негізгі мақсаты: **мемлекетті басқару ісіне кедергі келтіру, экономикалық жіне саяси нұқсан келтіру, тұрақсыз жағдай қалыптастыру арқылы үкіметті өз саясатын өзгертуге итермелеу**
7. Дүниежүзінің геосаяси кеңістігіне қарама-қайшылықты үдерістер: **геосаяси жаһандану, антиглобализм**
8. Дүниежүзіндегі кез келген күшті мемлекеттің немесе геосаяси орталықтың басқа саяси күштерді ескермей, өз бетінше әрекет етуіне жол бермеу: **геосаяси жаһандану**
9. Антиглобализмнің ең алғашқы ресми ұйымы пайда болған ел: **Франция, 1998 жылы**
10. Антиглобализмнің ең алғашқы ұйымы: **«АТТАК-Франция» (Қаржы операцияларына салық салуды жақтайтын азаматтар ассоциациясы)**
11. «АТТАК-Франция» ұйымының басты талабы: **әлемдегі қаржы операцияларының 0,1%-ын салық ретінде кедейшілікпен күреске және артта қалған елдердің экономикасын дамытуға жұмсау**
12. Антиглобализм ұйымдары: **«Ғаламдық әрекет», «Блэк Блок», «Үшінші ұстаным», «Радикалы экологтар»**

51. Азиядағы геосаяси кеңістік

1. Азиядағы геосаяси кеңістікке ықпал ететін факторлар: **әлемде аумағы, саны жағынан аса ірі елдердің орналасуы, дәни, мәдени ала құлалықтар, әлемдік діндердің отаны болуы, азияда әлемдік экономика алпауыттарының орналасуы, шиеленіс ошақтарының болуы, , саяси тұрғыдан «салмақты» саяси күштердің шоғырлануы, елдер даму деңгейінің үлкен айырмашылық жасауы**
2. Қазіргі кезде әлемде ресми түрде тіркелген ядролық қаруға ие мемлекеттер саны: **8 мемлекет**

3. Қазіргі кезде Азиядағы ядролық қаруға ие мемлекеттер: **саны 4-еу Қытай, Үндістан, Пәкістан, КХДР**
4. Азияда орналасқан әлемдегі ең қуатты ел: **Қытай**
5. Оңтүстік Батыс Азиядағы 50 жылдан астам уақытқа жалғасып келе жатқан жанжал: **араб израиль жанжалы**
6. АҚШ бастамасымен Иракта демократия орнату үдерісі жүргізіліп, С.Хусейн бастаған билік өкілдері халықаралық сот шешімімен жазаланған жыл: **2003 жылдан бастап**
7. Үндістандағы ішкі саяси жағдайға кері әсерін тигізетін, Пәкістанмен шеғаралық жағдайы тұрақсыз аймақтары: **Джамму, Кашмир штаттары**
8. Оңтүстік-Шығыс Азияда әскери қақтығыстар орын алған мемлекеттер: **Индонезия, Филиппин, Мьянма**
9. Азиядағы аса ірі, стратегиялық жағынан маңызды аймағы: **Орталық Азия**
10. Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелері: **Ауғанстаннан аймаққа қарулы жасақтардың өтуі, заңсыз есірткі және қару жарақ саудасының қаупі, Аймақтың бірқатар елдерінде ішкі ұлтаралық кикілжіндердің, жікшілдік көрнісітерінің болуы, елдердің экономикалық даму деңгейлерінің әркелкілігі, шешілмеген әлеуметтік экономикалық мәселелер, шегара маңы жанжалдары**

52. Еуропадағы геосаяси кеңістік

1. Алуан түрлі табиғат жағдайларымен сипатталатын, халқының құрамы мен діни, мәдени ерекшеліктері бар, ғасырлар бойысаяси оқиғалар аренасы болған аймақ: **Еурүдерістер, жікшілдік пен лаңкестік көріністері, дезинтеграция, әлемдік саясаттағы орны мен маңызы**
3. Интеграциялық үдерістер тән: **Еуропалық Одақ шеңберіндегі ынтымақтастық, Кедендік келісімдер «мөлдір» шегаралар, НАТОжікшілдік, Шығысеуропалық типтегі жікшілдік**
5. Лаңкестік көріністер тән: **Батыс Еуропа елдеріндегі халықаралық лаңкестік әрекеттер, Батыс Еуропа елдеріндегі ішкі қайшылықтардан туындайтын лаңкестік әрекеттер**
6. Еуропалық елдердегі дезинтеграцияға тән: **Елдердің Еуропалық Одақтан шығу бастамалары, Еуропалық елдердің арасындағы саяси, экономикалық қайшылықтардың артуы**
7. Еуропаның әлемдік саясаттағы орны мен маңызына тән: **Еуропалық елдердегі саяси басқару тәжірибесі, Еуропа елдерінде халықаралық ұйымдардың штаб пәтерлерінің орналасуы**
8. Гаага қаласында орналасқан Еуропалық полиция қызметі: **Европол**
9. Ғалымдар жікшілдікті сипатына байланысты қандай топтарға бөледі: **батысеуропалық және шығысеуропалық**
10. Батысеуропалық жікшілдіктің басты себебі: **ұлттық негіздегі шиеленістер**
11. Ұзақ жылдар бойы экстремистік әрекет жүргізген Испаниядағы Баск елінің «ЭТА» ұйымы қай жылдан бастап бейбіт әрекетке көшетінін жариялаған жыл: **2011 жылдан**
12. Батыс Еуропада әрекет етуші радикалды топтар: **Солтүстік Ирландияда «Ирланд республикалық армиясы», Францияда «Корсика ұлт-азаттық майданы»**
13. Европол деректері бойынша 2006-2016 жылдар аралығында тіркелген лаңкестік оқиғалар саны: **3232 оқиға (2342 жікшілдік негізде)**

53. Америкадағы геосаяси кеңістік

1. Америкадағы геосаяси кеңістік сипатталады: **АҚШтың әлемдік саясаттағы ерекше рөлімен, Канада мен АҚШ-тың саяси, экономикалық әріптестігімен, Латын Америкасы мемлекеттерінің ала-құлалығымен**
2. АҚШ-тың ғаламдық геосаясатқа ықпал ету кезеңдері: **АҚШ XX ғ. Екінші дүниежүзілік соғысқа араласып, алып державалармен бірге әлемді бөлісу кезеңі, АҚШ пен Кеңес Одағы және олардың одақтастары арасындағы қырғиқабақ кезеңі, 1991 жылдан қазіргі кезге дейін ғаламдық ірі геосаяси күш ретінде әлемдік тәртіпке ықпал ету кезеңі**
3. Әлемдік саясаттанушылар «қырғиқабақ соңыс» деп атаған текетірес кезеңі аяқталған уақыты: **1991 жылы Кеңес Одағы ыдырауына байланысты**
4. Нью Йорк қаласында аса ірі лаңкестік әрекеттер орын алған уақыты: **2001 жылы 11 қыркүйек**
5. АҚШ пен Канада арасындағы саяси, әскери ынтымақтастықты жүзеге асырып жатқан ұйым: **НАТО**
6. АҚШ, Канада және Мексика арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың дамуын жүзеге асырып жатқан ұйым: **НАФТА (1994 жылы құрылған)**
7. Латын Америкасындағы геосаяси жағдайға ықпал ететін факторлар: **аймақтық шалғайда орналасуы, АҚШпен көршілес орны, Жоғары дамыған елдердің иеліктерінің сақталып қалуы, Көпшілік елдердің дүниежүзілік мұхитқа шыға алуы, Кариб алабының халықаралық деңгейдегі аралық рөлі, Елдердің өзара ынтымақтастығының дамуы**
8. Латын Америкасында орналасқан АҚШтың базаларының саны: **ондаған базасы бар**
9. Латын америкасында орналасқан ғарыш айлағы: **Гвианада (Француз Одағына енеді)**
10. Кайман аралдарында тіркелген компания мен банктердің саны: **100 мың компания мен 500-ге жуық банк**
11. Латын Америкасындағы ең беделді ұйым, Оңтүстік Америкалық жалпы нарық ұйымы: **МЕРКОСУР**

54. Геосаясаттағы физикалық-географиялық және

экономикалық факторлардың маңызы

1. Геосаясатқа ықпал ететін факторлар: географиялық орны, жер бедері, климат, ішкі сулар, табиғи ресурстар
2. Мемлекеттің теңіз арқылы басымдылыққа ие болуы: **талассократия**
3. Мемлекеттің құрлық арқылы басымдылыққа ие болуы: **теллуократия**
4. Еліміздің географиялық орны: **Еуразия материгінің орталық бөлігінде**
5. Каспий теңізі арқылы байланыс орната алатын елдер: **Қазақстан, Ресей, Түрікменстан, Иран, Әзірбайжан**
6. Геосаясаттағы экономикалық факторлардың маңызын зерттеген ғалым: **Питер Тейлор**

7. Мемлекеттің геосаяси басымдылығының негіздері: **саяси басымдылық, экономикалық басымдылық, идеологиялық басымдылық**
8. Геосаясатқа ықпал ететін экономикалық факторлар: **елдің экономикалық даму деңгейі мен қуаттылығы, елдің экономикадағы орны мен технологиялық деңгейі, халықаралық аймақтық деңгейдегі экономикалық ынтымақтастығы, әлемдік экономикалық кірігу деңгейі, елдің экономикалық стратегиялардың саяси мүдделерге сәйкес келуі**
9. Халықаралық валюта қорының тізімі бойынша соңғы жылдары әлемдегі ең қуатты ел: **Қытай**

55. Геосаясаттағы әлеуметтік және демографиялық факторлардың маңызы

1. Әлеуметтік жағдайдан туындайтын қақтығыстар: **Таяу Шығыстағы араб-израиль жанжалы, Үндістан мен Пәкістанның**
2. Католиктер мен протестанттар арасындағы жікшілдік орын алған аймақтар: **Квебек, Солтүстік Ирландия**
3. Ислам мен православие арасындағы жікшілдік орны алған аймақтар: **Косово, Солтүстік Кипр**
4. Дүниежүзі юойынша жікшілдіктің қанша ошағы бар: **50 ошағы**
5. Дүниежүзінде жікшілдік ошақтарының алып жатқан аумағы: **12,7 млн км**
6. Қазақстан Халық Ассамблеясының құрылған уақыты: **1995 жылы 1 наурыз**
7. Солтүстік Африкада халық санының қарқынды өсуі қай аймаққа кері әсерін тигізуде: **Батыс Еуропаға (көшіп келуші иммигранттар саны көбеюде)**
8. Франция парламенті «Таңдамалы иммиграция туралы» заң қабылдап, елге қоныс аударатындар үшін талаптарды күшейткен жыл: **2005 жылы**
9. Франция үшін таңдамалы иммиграцияны жүргізуге итермелеген жағдай: **Париж маңында тұратын иммигранттар ұйымдастырған жаппай қирату әрекеттері**

57. Мемлекеттік аумақтық морфологиялық ерекшеліктері

1. Белгілі бір мемлекеттің егемендігідегі географиялық кеңістіктің бөлігі: **мемлекет аумағы**
2. Мемлекеттің халықаралық деңгейдегі орнын анықтайтын маңызды көрсеткішінің бірі: **мемлекеттің жер ауданы**
3. Мемлекет аумағының басты белгілері: **игерілу деңгейі, табиғи ландшафтыларының типтері, мемлекеттік шегаралардың түрлері мен пішіндері, географиялық орнының ерекшеліктері, жерінің ауданы**
4. Әлемдік экономика орталықтары мен маңызды халықаралық қатынас жолдарынан шалғайда орналасқан елдер: **перифериялық елдер**
5. Аумағы арқылы маңызды халықаралық қатынас жолдары өтетін елдер: **транзиттік елдер**
6. Ел аумағындағы игерілген аудандар үлесі: **тиімді аумақтар**

7. Дүниежүзі бойынша жерінің ауданы ірі тоғыз ел: **РФ, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Аустралия Одағы, Үндістан, Аргентина, Қазақстан**
8. Адам қоныстанған құрлықтың қанша пайызын ірі тоғыз ел алып жатыр: **55,8 пайызын**
9. Жерінің ауданы 30 мың кмден аспайтын «ергежейлі» мемлекеттер: **Ватикан, Монако, Лихтенштейн, Мальта, Андорра, Мальдив Республикасы, Науру, Тувалу**
10. Экватор сызығы кесіп өтетін елдер саны: **13 ел**
11. Елдерді экономикалық географиялық орны бойынша жіктеу: **орталық елдер, перифериялық елдер, транзиттік елдер, ішкері елдер, теңіз маңы елдер**

58. Мемлекеттерді аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу

1. Аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша елдердің типтері: **созылық пішіндегі, біртұтас аумақты алып жатқан елдер, шашыраңқы елдер, құрамында анклавтар бар мемлекеттер**
2. Созылық пішіндегі мемлекеттер: **Чили, Норвегия, Швеция, Вьетнам, Италия, Панама, Того, Гамбия**
3. Біртұтас аумақты алып жатқан мемлекеттер: **Франция, Испания, Польша, Венгрия**
4. Шашыраңқы мемлекеттерге жатады: **Индонезия, Филиппин аралдық мемлекеттері, екі бөліктен тұратын Малайзия, АҚШ**
5. Анклав жағдайындағы аудандар: **РФ құрамына енетін Калининград облысы, Испания құрамына енетін Сеута мен Мелилья (Мароккода)**

59. Мемлекеттік шегаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы

1. Мемлекеттік шегаралардың атқаратын қызметі: **бөлуші, жалғастырушы және сүзгілік**
2. Мемлекеттік шегаралардың бөлуші функциясы атқаратын қызметі: **елдер арасындағы адам, тауар және басқа қозғалыстарын шектейді**
3. Мемлекеттік шегаралардың жалғастырушы функциясы атқаратын қызметі: **көршілес мемлекеттердің шаруашылық байланыстарын нығайту, шегаралаық аудандарда бірлескен жобалар жасау, табиғат ресурстарын бірлесіп пайдалану**
4. Қазақстанның Қытаймен шегаралас бөлігінде құрылған орталығы: **«Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы**
5. «Қорғас» шегара маңының қазақстандық жағының жалпы көлемі: **217 га (қытай жағынан 343 га)**
6. Шегаралардың сүзгілік функциясының атқаратын міндеті: **елдің аумағына келетін қауіп қатерді, теріс ағымдар мен тиым салынған тауарларды, адамдар легін өткізбеу мақсаты**
7. Мемлекеттік шегаралар бөлінеді: **жасанды және табиғи**

8. Шегараларды зерттейтін ғылым саласы: **географиялық лимнология**
9. Көршілес мемлекеттердің арасында келіссөздер арқылы мемлекеттік шегаралардың жалпы ережесі мен бағыттарын анықтау: **шегаралар делимитациясы**
10. Шегараларды делимитациялау жөнінде келіссөздерге сәйкес, жергілікті жерде шегаралық белгілер қою арқылы мемлекеттік шегараны анықтау мен белгілеу: **шегаралар демаркациясы**
11. Мемлекеттердің өзара келісімі негізінде белгілі бір аумаққа иелік ету құқығының бір мемлекеттен екінші бір мемлекетке берілуі: **цессия**
12. Халықаралық сот немесе арбитраж шешімі бойынша бі мемлекет құрамында болған аумақты басқа мемлекетке бері: **адьюдикция**
13. Мемлекет аумағының құрлық бөлігінің табиғи немесе техногендік жолмен ұлғаюы: **аккреция**
14. АҚШ Алясканы Ресейден сатып алған жыл: **1867 жылы**
15. Аккреция нәтижесінде жағалық бөліктер кеңейіп келе жатқан аймақтар: **Нидерланд, Сингапур, Парсы шығанағы мемлекеттері**
16. Тува (Тыва Республикасы) өз еркімен КСРО құрамына енген жыл: **1944 жылы**
17. 1917 жылы Финляндия Ұлы Княздігі дербес мемлекет құру мүмкіндігін алып, қай мемлекет құрамынан өз еркімен шықты: **Ресейден**
18. 1964 жылы Танганьика мен Занзибар бірігіп, қандай мемлекетті құрады: **Танзания**
19. Келісімдік Омандағы бытырыңғы араб әмірліктерінің өзара бірігіуінен пайда болған жаңа мемлекет: **Біріккен Араб Әмірліктері**

60. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегараларының қалыптасу үрдісі, басты көрсеткіштері мен динамикасы

1. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша еліміздің құрлықтағы мемлекеттік шегарасының ұзындығы: **13394 км**
2. Қазақстан мен Ресейдің шегарасының ұзындығы: **7591 км**
3. Қазақстан мен Өзбекстанның шегарасының ұзындығы: **2354 км**
4. Қазақстан мен Қытайдың шегарасының ұзындығы: **1782 км**
5. Қазақстан мен Түрікменстанның шегарасының ұзындығы: **426 км**
6. Қазақстан мен Қырғызстанның шегарасының ұзындығы: **1241 км**
7. Каспий теңізі арқылы өтетін теңіздік шегаралардың ұзындығы: **2000 км**
8. Халықаралық құқықта келісуші жақтардың ортақ принциптері мен мақсаттарын негіздейтін құжат: **декларация**